# Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға биоотын өндірісіне мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерінің нысандары мен оларды табыс ету қағидасын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 наурыздағы № 212 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 қаңтардағы № 43 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.01.2016 № 43 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-4/631 бұйрығын қараңыз.

«Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 қарашадағы Заңы 5-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) биоотын өндірушілердің биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға биоотын өндірісіне мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерінің нысандары;

2) биоотын өндірушілердің биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға биоотын өндірісіне мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерін табыс ету қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 наурыздағы № 212 қаулысымен бекітілген

**№ 1 есептілік нысаны**
**Шикізат бойынша мәліметтер**

Ескерту. N 1 есептілік нысаны жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.12.2013 № 1386 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Б С Н
Биоотын өндірушінің атауы
Есепті кезең ____ жыл ___ ай
Құжаттың тіркеу кіріс нөмірі ККААЖЖЖЖ

| Р/с № | КО СЭҚ ТН кодына сәйкес шикізат түрі он сандық белгіде | Есепті кезеңнің басындағы қалдық, тонна | Шикізаттың келіп түскені, тонна | Биоотын өндірісінде қолданылған өзі өсірген тамақ шикізаты | Тамақ шикізатын жеткізушінің атауы, орналасқан жері (облыс, аудан) | Тамақ шикізатын жеткізу шартының күні, нөмірі | Қатыстырған қалдықтар, тонна | Қайта өңделген шикізат, тонна | Шикізаттың бүлінгені, жоғалғаны, тонна | Н ш ш тс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |
| | Жиыны | | | | | | | | | |

Ескертпе:
нысанда есепті кезеңде сатылған шикізаттың бүкіл көлемі көрсетіледі.

«БСН» деген жолда биоотын өндірушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

«Биоотын өндірушінің атауы» деген жолда осы мәліметтерді ұсынатын биоотын өндірушінің атауы көрсетіледі.

«Есепті кезең» деген жолда есеп ұсынылатын есепті кезең көрсетіледі.

1-бағанда реті бойынша нөмірі көрсетіледі.

2-бағанда шикізат түрі Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына (бұдан әрі – КО СЭҚ ТН) сәйкес он белгімен көрсетіледі. Бидай үшін жақшаның ішінде бидайдың сыныбы, нөмірі және осы бидай тобына сәйкестікті растау саласындағы құжаттың нөмірі де көрсетіледі.

3-бағанда есепті кезеңнің басындағы шикізаттың барлық қалдығы тоннамен көрсетіледі.

4-бағанда келіп түскен шикізат тоннамен көрсетіледі.

5-бағанда биоотын өндірісінде пайдаланылған өзі өсірген азық-түлік шикізатының, егер оны өсіру көзделген болса, саны көрсетіледі.

6-бағанда азық-түлік шикізатын жеткізушінің атауы, орналасқан жері (облыс, аудан) көрсетіледі.

7-бағанда азық-түлік шикізатын жеткізу шартының күні, нөмірі көрсетіледі.
8-бағанда қатыстырылған қалдықтар тоннамен көрсетіледі.
9-бағанда қайта өнделген шикізаттың саны тоннамен көрсетіледі.
10-бағанда бүлінген, жоғалған шикізаттың саны тоннамен көрсетіледі.
11-бағанда нормалар шегіндегі шығындардың саны тоннамен көрсетіледі.
12-бағанда есепті кезеңнің соңындағы бүкіл қалдығы тоннамен (4-баған + 8-баған - 9-баған - 10-баған - 11-баған) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 наурыздағы № 212 қаулысымен бекітілген

## № 2 есептілік нысаны
## Биоотын өндірісі жөнінде есеп беру

Ескерту. N 2 есептілік нысаны жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.12.2013 № 1386 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

БСН
Биоотын өндірушінің атауы
Есепті кезең ____ жыл ___ ай
Құжаттың тіркеу кіріс нөмірі ККААЖЖЖЖ

| Р/с № | Биоотынның ДСН-коды | Есепті кезеңнің басындағы қалдық, литр | Өндірілген, литр | Өндірушінің сатқаны, тонна | | | | | Бүлінг жоғалғ , литр |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | барлығы | биоотын өндірісі бойынша тұлғаларға | мұнай өнімдерін компаундирлеуге | өз өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған | экспортқа | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |
| | Жиыны | | | | | | | | |

Ескертпе:
нысанда есепті кезеңде өндірілген биоотынның бүкіл көлемі көрсетіледі.
«БСН» деген жолда биоотын өндірушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
«Биоотын өндірушінің атауы» деген жолда осы есептерді ұсынатын биоотын өндірушінің атауы көрсетіледі.
«Есепті кезең» деген жолда есеп ұсынылатын есепті кезең көрсетіледі.
1-бағанда реті бойынша нөмірі көрсетіледі.
2-бағанда биоотынның дербес сәйкестендірілген нөмір-коды (ДСН-коды)

көрсетіледі.

3-бағанда есепті кезеңнің басындағы өндірушідегі биоотынның жалпы қалдығы литрмен көрсетіледі.

4-бағанда өндірілген биоотынның саны литрмен көрсетіледі,

5-бағанда сатылған биоотынның жалпы саны литрмен (5-баған = 6-баған + 7-баған + 8-баған + 9-баған) көрсетіледі.

6-бағанда биоотын өндірісі бойынша тұлғаларға сатылған биоотынның саны литрмен көрсетіледі.

7-бағанда мұнай өнімдерін компаундирлеуге сатылған биоотынның саны литрмен көрсетіледі.

8-бағанда өз өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған биоотынның саны литрмен көрсетіледі.

9-бағанда экспортқа сатылған биоотынның саны литрмен көрсетіледі.

10-бағанда өндіруші бүлдірген, жоғалтқан биоотынның саны литрмен көрсетіледі.

11-бағанда нормалар шегіндегі шығындардың саны литрмен көрсетіледі.

12-бағанда өндірушіге қайтарылған биоотынның саны литрмен көрсетіледі.

13-бағанда өндірушіде есепті кезеңнің соңындағы биоотынның бүкіл қалдығы литрмен (13-баған = 3-баған + 4-баған - 5-баған - 11-баған + 12-баған) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 2 наурыздағы
№ 212 қаулысымен
бекітілген

## № 3 есептілік нысаны
## Биоотын жеткізушісі туралы мәліметтер

Ескерту. N 3 есептілік нысаны жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.12.2013 № 1386 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Б С Н
Биоотын өндірушінің атауы
Есепті кезең ____ жыл ___ ай
Құжаттың тіркеу кіріс нөмірі ККААЖЖЖЖ

| Р/с № | Жеткізу түрі | Жеткізу мақсаты | Жеткізуші туралы мәлімет | | | | | Жеткізген өнім көлемі, литр | БСК | Өнімнің түрі | КО СЭҚ ТН коды | ТД № | Т к |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ЖСН/ БСН-і | атауы | лицензия № | лицензия алған күні | лицензияның қолданылу мерзімі | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | |
| | Жиыны: | | | | | | | | | | | | |

Ескертпе:

осы нысан есепті айда басқа жеткізушілерден биоотынның кірісі бар, оның ішінде алдында сатылған биоотынның қайтарылымы болған жағдайда толтырылады.

«БСН» деген жолда биоотын өндірушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

«Биоотын өндірушінің атауы» деген жолда осы қосымшаны ұсынатын биоотын өндірушінің атауы көрсетіледі.

«Есепті кезең» деген жолда биоотын өндіруші осы қосымшаны табыс ететін есепті кезең көрсетіледі.

1-бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

2-бағанда өнімді жеткізудің түрі (импорт, ішкі нарықтың жеткізулері) көрсетіледі.

3-бағанда биоотынды жеткізудің мақсаты (биоотынның басқа түрлеріне қайта өңдеу үшін, техникалық қажеттіліктер үшін, бұрын жеткізілген өнімді қайтару және өзге де мақсаттар) көрсетіледі.

4-бағанда өнімді жеткізушінің ЖСН/БСН-і көрсетіледі.

5-бағанда биоотынды жеткізушінің атауы көрсетіледі.

6-бағанда лицензия болған кезде биоотынды жеткізуші лицензиясының нөмірі көрсетіледі.

7-бағанда лицензия болған кезде биоотынды жеткізушінің лицензияны алған күні көрсетіледі.

8-бағанда лицензия болған кезде биоотынды жеткізуші лицензиясының қолданылу мерзімі көрсетіледі.

9-бағанда биоотынның есепті кезеңнің ішінде жеткізуші жеткізген импорттық, сондай-ақ ішкі өндіріс өнімінің көлемі литрмен көрсетіледі.

10-бағанда бюджеттік сыныптама коды көрсетіледі.

11-бағанда тиелген өнімнің түрі көрсетіледі.

12-бағанда Кеден одағының кедендік шекарасынан өткен кезде тауарға берілетін Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды көрсетіледі. Баған жеткізілген биоотын импорт болып табылған жағдайда толтырылады.

13-бағанда әкеленетін биоотынға тауарлар декларациясының нөмірі көрсетіледі. Баған жеткізілген биоотын импорт болып табылған жағдайда толтырылады.

14-бағанда әкеленетін биоотын тауарларына декларациясының ресімделген

күні көрсетіледі. Баған жеткізілген биоотын импорт болып табылған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 наурыздағы № 212 қаулысымен бекітілген

## Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға биоотын өндірісіне мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерін табыс ету қағидасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға биоотын өндірісіне мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерін табыс ету қағидасы (бұдан әрі - Қағида) «Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 қарашадағы Заңының 5 бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленген және биоотын өндірушілердің биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға биоотын өндірісіне мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерін (бұдан әрі - биоотын өндірісі бойынша есептер) табыс ету тәртібін айқындайды.

2. Биоотын өндірушілер осы Қағидада белгіленген тәртіппен № 1, 2, 3 есептілік нысандарын ұсынады.

3. Ұсынылған есептердің мониторингі нәтижесі бойынша биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл қорытындысы бойынша талдамалы ақпарат ұсынады.

### 2. Биоотын өндірісі бойынша есептерді табыс ету тәртібі

4. Есептерді жасау кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Осы Қағидаға сәйкес биоотын өндіруші табыс ететін есептерге биоотын өндірушінің басшысы, бас бухгалтері қол қояды және биоотын өндірушінің мөрімен бекітіледі.

6. Құжаттар пошта арқылы, не уәкілетті органның құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі арқылы қолма-қол жіберіледі.

7. Биоотын өндірісі бойынша есептер уәкілетті органға ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-күніне дейін ұсынылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК